



Turar Rysqulov
áydandyq
gazeti

Qulan tany

Gazet 1940 jylдың мамыр айнан бастап shygady.

e-mail: Kulantany@gmail.com www.Qulantany.kz www.facebook.com/Kulan.tany №87 (7681) Seisenbi, 3 qarasha, 2020 jyl

Бердібек Сапарбаев Қазақстанда жасалған тракторды жүргізіп көрді

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «АгромашХолдинг КЗ» АҚ шығарған жаңа «LOVOL» тракторының рөліне отырып, ескі ауылшаруашылық техникаларын жанарту және қалпына келтіру бойынша trade-in бағдарламасын іске қосты.

техника құнының 25% мөлшерінде субсидия алады. Осылайша, сол «LOVOL» тракторын сатып ала отырып, тек 4,5 миллион тенге ғана төлейді, ал қалған сома жылдық бес пайызбен бес жылға лизингке ресімделеді.

болған жоқ. Кеңестік техниканы жүргіздік. Кез келген мемлекеттің міндеті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аграрлық секторды дамытуға айрықша назар аударуда. Түрлі мемлекеттік қолдау бағдарламалары жүзеге асып, субсидиялар бөлініп жатыр. Оның ішінде жаңа ауылшаруашылық техникаларын сатып алуға салықтық жеңілдіктер қарастырылған.



секилді екі негізгі проблеманы бастан өткеруде. Айталық, бүгінде өндірідегі 18 мың бірлік техниканың 15 мыңнан астамының немесе 80 пайызының пайдалану уақыты 10 жылдан асқан.



Жоғарыда айтылған ұсақ шаруашылықтар мәселесін шешу жолында облыс әкімінің бастамасымен әр ауданда ірі ауылшаруашылық холдингтері құрылуда. Ал, екінші мәселені шешу үшін жетекші қазақстандық өндіруші компания – «АгромашХолдинг КЗ» АҚ-мен тығыз ынтымақтастық орнатылған.

"ТаразРемСервис" ЖШС базасында сервистік қызмет көрсететін болады. «Trade-in» бағдарламасының тағы бір артықшылығы ретінде төлемдер бойынша бір жылдық қаникулды айтуға болады. Ал одан өрі төлемдерді алты айда бір рет жүргізе алады.

«АгромашХолдинг КЗ» АҚ вице-президенті Мейрамбек Сәндібеков аймақ басшысына сенім артқаны үшін алғыс білдіріп, жобаны әрі қарай дамыта түсуге ниетті екендігін жеткізді.

Trade-in жобасы биылғы жылдың шілдесі айының ортасында «Тараз» ӘКК, «АгромашХолдинг КЗ» АҚ және Өңірлік кәсіпкерлер палатасы арасында жасалған меморандум арқылы жүзеге асып отыр. Ынтымақтастықтың нәтижесінде 49% әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияға және 51% «АгромашХолдингке» тиесілі «ТаразРемСервис» бірлескен кәсіпорнын құру көзделген.

Бұл тамаша мүмкіндік. Сондықтан мен тек жаңа трактормен шектеліп қалмай, сондай-ақ, жалпы 18,5 млн. тенгеге жаңбырлатып суару қондырғысын, тыңайтқыш сепкіш, соңа сатып алуды жоспарлап отырмын. Мемлекеттің мұндай қолдауын тиімді пайдалану маңызды, - дейді жас кәсіпкер, жуалылық «Мерсент» шаруа қожалығының жетекшісі Олжас Сламбай.

Біздің техникалар сенімді өрі өздерін жақсы жағынан дәлелдеп келеді. Облыс әкімдігінде бірлесіп отырып, жергілікті аграрлық секторға жаңа технологияларды енгізетін боламыз, - деп түйіндеді зауыт өкілі.

Бүгінгі күнгі алдын ала мәліметтер бойынша, МТЗ шамамен екі миллион тенгеге бағалануда. Қазірдің өзінде мұндай он екі техника жөндеуге жіберілген. Олардың бірақтарының пайдалану мерзімі тіпті 40 жылға жеткен. Жастар аллеясындағы алаңға қойылған ескі техникалардың қасында күні 10,3 миллион тенгені құрайтын жаңа «LOVOL» тракторлары көз сүйсінген.

Егер біреу өзінің ескі техникасын жаңартқысы келсе, онда оған зауыт мамандары заманауи жабдықтарды қолдана отырып қалпына келтіруге көмектеседі. Жанасынан ешбір кем түспейтін ол техниканы шаруа тиісті кепілдікпен төмен бағаға сатып алады.

Шаруалар атынан сөз алған байзақтық «Байназаров» шаруа қожалығының жетекшісі Хамидулла Байназаров талап етілетін құжаттар саны едәуір қысқарғанын, жалпы алғанда жаңа қондырғыларды сатып алу шаруалар үшін қолжетімді бола бастағанын атап өтті.

Сонымен қатар, "Агробизнес" бағдарламасы аясында шаруалар жаңа

Аймақ басшысы ескі тракторларды да, жаңа тракторларды да бағалап, шаруаларды әңгімеге тартты. Ол 1980 жылғы ескі МТЗ техникасын байқап, жаңа «LOVOL» тракторын жүргізіп, сынап көрді. Жаңа трактор кондиционер және жылыту пешімен жабдықталған, сырт көрінісі тартымды әрі жолда ыңғайлы жүреді.

Кордайлық «Аухаттылық» агроқұрылымының басшысы Қуанышбек Әбдіқалықов бұл бағдарламаны қолдай түсті. Ол бірден екі ескі «МТЗ-82» тракторын тапсырыпты. Жаңа техникалар арқылы ол 1200 гектар егіс алқаптарын өртарапандыруға күш салмақ. Келер жылы агроқұрылым басшысы майлы дақылдарды, атап айтқанда мақсары өсіруді жоспарлауда.

Сенбілікте Қоғамдық кеңес мүшелері белсенділік танытты

Ағымдағы жыл көптеген маңызды даталармен тұспа-тұс келіп отыр. Жасыратын несі бар, әлемді жайлаған пандемияға байланысты бұл ілкімді іс-шараларды өз денгейінде тойлай алмай келеміз. Бірақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «той тойлау барысында данғазалыққа салынудың еш қажеті жоқ».

Аудандық Қоғамдық Кеңестің төрағасы Пазыл Сүлейменов шарапаты мол іс-шараны өскелең ұрпаққа үлгі көрсету мақсатында ұйымдастырылғанын сөз етті. «Қазақ халқында «Тазалық – саулық негізі» деген сөз бар. Қазіргі қысылтайын қиын сәтте таза ауамен тыныс алуымыз аса пайдалы болмақ. Ол үшін



ақын Абайдың тілімен айтқанда әрбір игі ісімізден ғибрат ала білсек, сол да жеткілікті.

осындай шағын саябақтарды күл-қоқыстан, сарғайған жапырақтардан тазартқанымыз жөн болар. Сондықтан да біз бүгін осындамыз. Тазарту жұмыстарын дәл осы «Жеңіс» паркіне жүргізуіміздің де өзіндік себебі бар. Биыл өздеріңіз білетіндей Ұлы Жеңіске – 75 жыл. 1941-1945 жылдар аралығында майданға аттанған әрбір сарбазға құрмет көрсету үшін осында жиналып, күш біріктірілдік. Жасына қарамастан шараға белсенді түрде қатысып, өзімізден кейінгі буынға үлгі көрсетіп отырған әрбір кеңес мүшесіне айтар алғысым шексіз» деп бұл игі бастаманы алдағы уақытта да жүзеге асыратындықтарын жеткізді.

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл. Толарсақтан саз кешіп, қолындағы қару арқылы жеңісті жақындата білген жауынгерлерге қанша құрмет көрсетіледі де артықшылық етпейді. Бүгінде ауданның әрбір аумағында батырларға арналған ескерткіштер жетерлік. Оларды күтіп баптау – кейінгі ұрпақтың тікелей міндеті деп білеміз.

Иә, қазақ халқында үлкендердің атқарған әрбір ісі кішілерге әрдайым үлгі болатыны сөзсіз. Бұл – дархан даланың ешқашанда өзгертуге келмейтін заңы. Зейнет жасына келсе де, қолына тазарту құралдарын алып, ұрпақ тәрбиесіне бей-жай қарамайтын, дәл осындай бастамаларды өрқашанда қолдайтын жандардың қатары көп болса дейміз.

Өткен сенбіде аудан орталығында орналасқан «Жеңіс» саябағына сенбілік жұмыстары жүргізілді. Қоқыстан тазарту жұмыстарына аудандық Қоғамдық кеңестің мүшелері де қатысып, барынша белсенділік танытты. Әсіресе, Пазыл Сүлейменов бастаған топ күз кезінде сарғайып жерге түскен жапырақтарды жинап, оны арнайы көлікпен сыртқа шығарды. Бұл жұмыстарды атқаруға Құлан ауылдық округінің әкімдігі мен аудандық «Таза су – 2014» мемлекеттік мекемесі де қол ұшын созды.

Жәнібек БАЗЫЛБЕКОВ.

COVID-19 ДАН ҚОРҒАУ

ВИРУС ТАРАЛУЫНЫҢ 2 ЖОЛЫ БАР. БЕТПЕРДЕЛЕР. ҚОЛҒАПТАР. ӨНІМДІ ЖУУ. АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУҒЫН НЕ ҚАЖЕТ.

Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі № 73, тел: 8(726-31)2-16-00

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен арнайы Call-орталық құрылып, онда сайлаушыларға 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихат депутаттарының кезекті сайлауына қатысты қажетті ақпарат алуға болады

Table with 3 columns: №, Call-center орналасқан жері, Call-center байланыс нөмірі

СООБЩЕНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РАЙОНА Т.РЫСҚУЛОВА

(село Кулан, улица Жибек жолы № 73, тел: 8(726-31)2-16-00

Районной территориальной избирательной комиссией создан специальный Call-центр, где избиратели могут получить необходимую информацию касательно очередных выборов депутатов маслихатов Республики Казахстан, назначенных на 10 января 2021 года

Table with 3 columns: №, Место расположение Call-center, Контактный номер Call-center

ТӨЛ ГАЗЕТ ТӨРІҢІЗДЕ ТҮРСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН! Жылдағы үрдіске сай қазіргі уақытта барлық бұқаралық ақпарат көздеріне жазылу науқаны жүріп жатыр. «Құлан таны» газеті аудандағы бірегей мерзімді ақпарат құралы болғандықтан, төл газетке жазылуды да ұмытпаңыз.

Table with 3 columns: ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҮШІН, ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН



3 қараша, 2020 жыл

Resmi

3

Жарияланған хабарландыру мазмұнына персоналды басқару қызметі жауапты

За текст объявления ответственность несет служба управления персоналом

Т.Рыскулов ауданы әкімінің аппараты бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға жалпы конкурс жариялайды

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптар:

Е-4 мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санаттарына келесідей үлгілік біліктілік талаптары белгіленеді: Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, мемлекеттік лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі;

Мынадай қызыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті түтушіушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;

Жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді. Е-Р-4 мемлекеттік әкімшілік лауазымдары санаттарына келесідей үлгілік біліктілік талаптары белгіленеді: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, мемлекеттік лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Мынадай қызыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті түтушіушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;

жоғары немесе жоғарыдан кейінгі білімі болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақылары

№	Санаты	Лауазымдық жалақысы қызмет өткерген жылдарын есептегенде	
		тенгеден бастап	теңгеге дейін
1	E-4	100695	136443
2	E-R-4	95209	128834

Т.Рыскулов ауданы әкімінің аппараты бос тұрған әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға жалпы конкурс жариялайды.

(080900, Жамбыл облысы, Т.Рыскулов ауданы, Кулан ауылы, Жібек жолы көшесі №75 үй, №221 бөлме, анықтама үшін телефондар, код: 8(726-31) 21542, 21498, факс 22699, электрондық пошта: ryskulov_kadr@mail.ru

Т. Рыскулов ауданы әкімінің аппаратының бухгалтерлік есеп және қаржы-шаруашылық бөлімінің бас маманы: санаты E-4, I бірлік (№01-3-5)

Қызметтік міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуына бақылау жасайды. Аппарат қызметкерлерінің еңбекақысын есептеу, статистикалық, бухгалтерлік, салықтық есептерін жүргізу, қаржылық әрекеттер жасап, қаржы жоспарлары жұмыстарын үйлестіреді. Материалдық-техникалық жабықтарға және шаруашылық жұмыстарына жауапты.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі - әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы немесе техникалық ғылымдар және технологиялар саласындағы жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім.

Мамандығы - әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы (жалпы) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар саласындағы (жалпы).

Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша тәстілеу бағдарламасына сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді білу. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, ікемнің және дағдылардың болуы. «Қазақстан – 2050» Стратегиясын, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, функционалдық міндеттеріне сәйкес салалардағы басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу.

Т. Рыскулов ауданы әкімінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы: санаты E-R-4, I бірлік. (№03-3-2)

Қызметтік міндеттері:

Қаржылық есеп беру және бухгалтерлік есеп беру жүйесіне басшылық жасау. Бухгалтерлік есеп және қаржы жүйесін жүргізудегі дұрыс, ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз ету, қаржы тауарлы материалдық құндылықты және негізгі қордың есебін ережеге байланысты жүргізуін қалағанда, бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік архивті дұрыс сақтау және құжаттарды ереже аясында сақтауды қамтамасыз ету. Бөлім бастығы қызметін үйлестіріп іске асырады, қаржылық іс-қағаздарын жинақтап бақылауға алады. Келіп түскен қатынас қағаздарын тіркеуден өткізіп, басшылар бұрыштамасынан соң, тиісті бөлімдер мен мамандарға жолдайды. Қатынас қағаздарын дер кезінде орындауын қалағалау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі - әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы жоғары немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білім.

Мамандығы - экономика немесе қаржы немесе есеп және аудит немесе әлемдік экономика.

Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша тәстілеу бағдарламасына сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді білу. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, ікемнің және дағдылардың болуы. «Қазақстан – 2050» Стратегиясын, функционалдық міндеттеріне сәйкес салалардағы басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу.

Т. Рыскулов ауданы әкімінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы: санаты E-R-4, I бірлік. (№03-3-4)

Қызметтік міндеттері:

ҚР Президентінің Жарлықтарын және ҚР Үкіметінің, облыс әкімі мен аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету. Аймақтағы мемлекеттік рөміздерді орналастыру мен пайдалану жұмыстарын үйлестіру, насихаттау жұмыстарын жүргізу, оқыту семинарларын, рейстер ұйымдастыру, әдістемелік материалдар әзірлеу, мемлекеттік рөміздер туралы заңнамаларының орындалуын қамтамасыз ету. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларын, мемлекеттік бағдарламаларды, «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы мен мемлекеттік мерекелерді насихаттау мен түсіндірудегі сыртқы көрнекі ақпарат құралдарын білуді үйлестіру, сыртқы көрнектіліктің идеологиялық мазмұнын жанарту жұмыстарын жүргізу. Бөлім қызметіне жататын мәселелер бойынша мәжілістерге, кеңестерге материалдар, жұмыс жоспарларын желілік кестелер және бөлімнің жұмысы туралы есептер әзірлеу, бұқаралық ақпарат құралдарына және аудан әкімінің ресми интернет ресурсына шұғыл ақпараттарды, жаналықтарды күнделікті орналастыру үшін материалдар дайындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі - әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласындағы немесе гуманитарлық ғылымдар саласындағы немесе білім саласындағы немесе құқық саласындағы.

Мамандығы - қоғаммен байланыс немесе журналистика немесе саясаттану немесе әлеуметтану немесе мемлекеттік және жергілікті басқару немесе жобалық басқару немесе мәдениеттану немесе батыстану немесе теология немесе тарих немесе білім саласындағы (жалпы) немесе құқықтану немесе халықаралық құқық.

Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша тәстілеу бағдарламасына сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді білу. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, ікемнің және дағдылардың болуы. «Қазақстан – 2050» Стратегиясын, функционалдық міндеттеріне сәйкес салалардағы басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар.

Жалпы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады: 1) Өтініш; 2) 3x4 үлгідегі түрлі түсті суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған «Ө» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына кандидаттың қызметтік тізімі; 3) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің нотариалдық куәландырылған көшірмелері; «Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленуші, сондай-ақ өзара тану және баламалығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орнында, ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білімі туралы құжаттарға «Халықаралық бағдарламалар орталығы» Ақционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқуды аяқтау туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білімі туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) «Е-қызмет» интегралды ақпараттық жүйесі арқылы кандидаттың:

1) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тәстілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификаттың; 2) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды ету туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы қорытындының бар болуын тексереді.

Жалпы конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік қызметшілер келесі құжаттарды тапсырады: 1) Өтініш; 2) тиісті персоналды басқару қызметімен құжат тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын уақытта расталған қызметтік тізім.

Құжаттардың толық пакетін қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы тапсырған кандидаттарға конкурс комиссиясының хатшысы құжаттарды қабылдау туралы қолхатын береді.

Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну комиссияның хатшысымен оларды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Құжаттардың толық пакетін электрондық түрде электрондық пошта мекенжайына тапсырған кандидаттарға қолхат электрондық түрде кандидаттың электрондық пошта мекенжайына жолданады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және бөделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндеттемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін оспаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күні келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күнінің ішінде мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: 080900, Жамбыл облысы, Т.Рыскулов ауданы, Кулан ауылы, Жібек жолы көшесі №75.

Жалпы конкурсқа қатысуға инет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органды құжаттарын қолма-қол тәртіпте, пошта арқылы не хабарландыруға көрсетілген электронды пошта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне тапсырады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, әңгімелесуге жіберілгені туралы оларды хабардар еткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Т.Рыскулов ауданы, Кулан ауылы, Жібек жолы көшесі, №75 мекенжайда орналасқан Т.Рыскулов ауданы әкімі аппаратында әңгімелесуге өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Жалпы конкурс қорытындысы бойынша конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидат (мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда) конкурс комиссиясының шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он жұмыс күні ішінде персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) мынадай құжаттарды тапсырады: 1) еңбек қызметін растайтын құжат (нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі);

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген 086/е нысандағы денсаулық туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіп-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 11 маусымда №11304 тіркелді) бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі не «Электрондық Үкімет» порталы алынған анықтама);

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 11 маусымда № 11304 тіркелді) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі не «Электрондық Үкімет» порталы алынған анықтама).

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органды немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соң тәртіпінде конкурс комиссиясының немесе персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) шешіміне шағымдана алады.

Конкурс комиссиясының шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей уәкілетті органды немесе оның аумақтық бөлімшесіне конкурс комиссиясының немесе персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) шешіміне шағым беру, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің келіп түскен шағым бойынша тиісті шешім қабылдауына дейін конкурс комиссиясының шешімін қолданылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады.

Аппарат ақима района Т.Рыскулова объявляет общий конкурс для занятия вакантных административных государственных должностей

Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:

К административным государственным должностям категории Е-4 устанавливаются следующие требования: послевузовское или высшее, допускается послесреднее или техническое и профессиональное образование при наличии не менее одного года стажа работы на государственных должностях или не менее двух лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории.

наличие следующих компетенций: стрессоустойчивость, инициативность, ответственность, ориентация на потребителя услуг и его информирование, добропорядочность, саморазвитие, оперативность, сотрудничество и взаимодействие, управление деятельностью.

опыт работы при наличии послевузовского или высшего образования не требуется.

К административным государственным должностям категории Е-Р-4 устанавливаются следующие требования: послевузовское или высшее, допускается послесреднее или техническое и профессиональное образование при наличии не менее одного года стажа работы на государственных должностях или не менее двух лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории.

наличие следующих компетенций: стрессоустойчивость, инициативность, ответственность, ориентация на потребителя услуг и его информирование, добропорядочность, саморазвитие, оперативность, сотрудничество и взаимодействие, управление деятельностью;

опыт работы при наличии послевузовского или высшего образования не требуется.

Должностные оклады административных государственных служащих

№	Категория	Должностной оклад в зависимости от выслуги лет	
		от (тенге)	до (тенге)
1	E-4	100695	136443
2	E-R-4	95209	128834

Аппарат ақима района Т.Рыскулова объявляет общий конкурс для занятия вакантных административных государственных должностей.

080900, Жамбылская область, район Т.Рыскулова, село Кулан, улица Жибек жолы, дом №75, каб.№221. телефоны для справок: код: 8(726-31) (21542, 21498) факс (22699), электронная почта: ryskulov_kadr@mail.ru

1. Главный специалист подразделения бухгалтерского учета и финансово-хозяйство аппарата ақима района Т.Рыскулова: категория Е-4, I единица (№ 01-3-5)

Функциональные обязанности:

Контроль за исполнением Указов Президента РК, постановлений Правительства РК, ақима области и района. Вычисляет заработную плату сотрудников аппарата, подготовка и сдача бухгалтерских, статистических и налоговых отчетностей, планирует и координирует финансовые планы. Ответствен за материально-техническое оборудование и хозяйственные работы.

Требование к участникам конкурса:

Образование – послевузовское или высшее или послесреднее или техническое и профессиональное образование в сфере социальных наук, экономики и бизнеса или в сфере технических наук и технологий или послесреднее или техническое и профессиональное образование.

Специальность – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса (общая) или в сфере технических наук и технологий (общая).

Знание нормативно-правовых актов Республики Казахстан в соответствии с программой тестирования. Наличие образования, умения и навыков для эффективного выполнения профессиональной деятельности данной государственной должности в соответствии с квалификационными требованиями. Знание Стратегии «Казахстан - 2050» и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан в сферах по функциональным обязанностям.

2. Главный специалист отдела внутренней политики ақимата района Т.Рыскулова: категория Е-Р-4, I единица. (№03-3-2)

Функциональные обязанности:

Обеспечивает правильную, рациональную организацию бухгалтерской и финансовой системы, финансовый контроль за финансовыми активами и учет основных средств в соответствии с правилами, ведение бухгалтерского учета, правильное сохранение бухгалтерского архива, хранение документов в соответствии с правилами. Координирует и осуществляет финансовые работы отдела, сбор и контроль финансовых документов. Регистрация входящих документов и после резолюции начальника направляет специалистам и отделам. Обеспечить своевременное выполнение входящих документов.

Требование к участникам конкурса:

Образование – в сфере социальных наук, экономики и бизнеса высшее или послесреднее образования или техническое и профессиональное образование.

Специальность – экономика или финансы или учет и аудит или мировая экономика.

Знание нормативно-правовых актов Республики Казахстан в соответствии с программой тестирования. Наличие образования, умения и навыков для эффективного выполнения профессиональной деятельности данной государственной должности в соответствии с квалификационными требованиями. Знание Стратегии «Казахстан - 2050» и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан в сферах по функциональным обязанностям.

3. Главный специалист отдела внутренней политики ақимата района Т.Рыскулова: категория Е-Р-4, I единица. (№03-3-4)

Функциональные обязанности:

Обеспечение исполнение Указов Президента РК, также поручении и актов Правительства, ақимов области и района. Координация размещения и использования государственных символов в регионе, обучающих семинаров, организация рейдов, подготовка методический материалов, обеспечить выполнение законодательства о государственных символах, проведение информационно-пропагандисткой работы связанных с ежегодным Посланием Президента народу Казахстана, государственных программ, также реализация программной «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», агитирование государственных праздников, координация использования и работы по обновлению идеологическое значение наружных информационных щитов (билборды, баннеры и т.д.). Подготовка сетевых графиков планируемых мероприятий, плана и отчета работы отдела, материалы советам и собраниям входящих в компетенции отдела.

Требование к участникам конкурса:

Образование – в сфере гуманитарных наук, экономики и бизнеса или в сфере гуманитарных наук или в сфере образования или в сфере право.

Специальность – связь с общественностью или журналистика или политология или социология или государственное и местное управление или управление проектами или культурология или востоковедение или теология или история или в сфере образования (общее) или юриспруденция или международное право.

Знание нормативно-правовых актов Республики Казахстан в соответствии с программой тестирования. Наличие образования, умения и навыков для эффективного выполнения профессиональной деятельности данной государственной должности в соответствии с квалификационными требованиями. Знание Стратегии «Казахстан - 2050» и других нормативно-правовых актов Республики Казахстан в сферах по функциональным обязанностям.

Необходимые для участия в конкурсе документы.

Для участия в общем конкурсе предоставляются следующие документы: 1) Заявление;

2) послужной список кандидата на административную государственную должность корпуса «Б» с цветной фотографией размером 3x4 по форме;

3) копии документов об образовании и приложений к ним, засвидетельствованные нотариально.

К копиям документов об образовании, полученным гражданами Республики Казахстан в зарубежных организациях образования, прилагаются копии удостоверений о признании или нострификации данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования, за исключением документов об образовании, выданных зарубежными высшими учебными заведениями, научными центрами и лабораториями гражданам Республики Казахстан – обладателями международной стипендии «Болашақ», а также подпадающих под действие международного договора (соглашение) о взаимном признании и эквивалентности.

К копиям документов об образовании, выданных обладателями международной стипендии «Болашақ», прилагается копия справки о завершении обучения по международной стипендии Президента Республики Казахстан «Болашақ», выданной акционерным обществом «Центр международных программ».

К копиям документов об образовании, подпадающих под действие международного договора (соглашения) о взаимном признании и эквивалентности, прилагаются копии справок о признании данных документов об образовании, выданных уполномоченным органом в сфере образования.

Службой управления персоналом (кадровой службой) посредством интегрированной информационной системы «Е-қызмет» проверяется наличие у кандидата:

1) сертификата о прохождении тестирования на знание законодательства с результатами не ниже пороговых значений по программе тестирования для категории объявленной должности, действительного на момент подачи документов;

2) заключения о прохождении оценки личных качеств в уполномоченном органе с результатами не ниже пороговых значений, действительного на момент подачи документов для участия в конкурсе.

Для участия в общем конкурсе государственным служащим предоставляются следующие документы: 1) Заявление;

2) Послужной список, заверенный соответствующей службой управления персоналом не более чем за один месяц до дня представления документов.

Кандидатам, представившим полный пакет документов в нарочном порядке или по почте, секретарь конкурсной комиссии выдает расписку о принятии документов.

Представление неполного пакета документов является основанием для отказа в их принятии секретарем конкурсной комиссии.

Кандидатам, представившим полный пакет документов в электронном виде на адрес электронной почты расписка направляется в электронном виде на адрес электронной почты кандидата.

Граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и репутации (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации, иные сведения, характеризующие их профессиональную деятельность, квалификацию).

Документы должны быть представлены по адресу: 080900, Жамбылская область, Т.Рыскуловский район, село Кулан, ул. Жибек жолы №75 в течение 7 рабочих дней со следующего рабочего дня от последней публикации объявления о проведении конкурса.

Лица, изъявившие желание участвовать в общем конкурсе представляют документы в государственный орган, объявивший конкурс, в нарочном порядке, по почте или в электронном виде на адрес электронной почты, указанный в объявлении либо посредством портала электронного правительства «E-gov» в сроки приема документов.

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят собеседование в течение трех рабочих дней со дня уведомления кандидатов о допуске их к собеседованию по адресу Жамбылская область, Т.Рыскуловский район, село Кулан, улица Жибек жолы, №75 в аппарате ақима Т.Рыскулова района.

Для обеспечения прозрачности и объективности работы конкурсной комиссии на ее заседании приглашаются наблюдатели.

Кандидат, получивший положительное заключение конкурсной комиссии по итогам общего конкурса (за исключением государственных служащих), в течение десяти календарных дней со дня принятия решения конкурсной комиссией предоставляет в службу управления персоналом (кадровую службу)

Тұсаукесер

Атадан қалған асыл сөз

Сөздің інжу-маржанын терген тұлғалардан қазақ қоғамы еш уақытта кенде болмаған. Соның ішінде ақын-жазушылардың сүбелі сөздерін, көңілге қонымды пікірлерін жинап, болашақ ұрпаққа аманат етіп жүрген азаматтардың еңбегіне тәнті боласыз. Бір жағынан өз рухани байлығын молайтса, екінші жағынан болашақ ұрпақтың санасына сілкініс жасайды. Белгілі журналист Сағат Өшімбаев өз күнделік дәптеріне қазақ және әлем классиктерінің нақыл сөздерін түртіп отырған екен. Сол арқылы ол артына 8000-9000 беттен асатын қалың 45 дәптер жазып қалдырған. Ал жазушы, қоғам қайраткері Мырзагелді Кемелдің өзінің ой толғамдарымен қатар бүкіл дүние жүзі ойшылдарының өнегелі сөздерін арқау еткен «Абзалдық әліппесі», «Өзіме сабақ» секілді тандамалы жинақ еңбектері баспа бетінде жарық көрді.

Өткен жұмада Coworking орталығында аудандық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен сөз киесін пір тұтқан, баталы сөзімен жастардың жүрегінен орын алып жүрген ауданымыздың ақсақалы, ардагерлер Кеңесінің төрағасы Бижанов Қожайхан Қазыбайұлының «Атадан қалған асыл сөз» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітаптың тұсаукесеріне аудан әкімінің орынбасары Жандос Ордабаев, аудандық мәслихат хатшысы Тұрсынхан Жаманбаев, Көгершін ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Серік Өтегенов, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Рүстем Қырықбаев, «Құлтан таңы» газетінің бас редакторы Мұрат Өмірзақов және аудандық кітапхана ұжымының қызметкерлері қатысып, ақжарма тілектерін білдірді. Жалпы кітап мазмұны қандай екендігі тақырыбынан көрініп тұр. Кітапқа ойпаз ақсақалдың ізденіс үстінде

жинаған көшелі сөздерімен бірге өз ойынан туған аталы сөздері енген. Жана кітаптың тұсаукесер рәсімінде аудан әкімінің орынбасары Жандос Илиясбекұлы сөз сөйлеп, Қожайхан Қазыбайұлының терең білімі мен адамгершілік болмысы жайында өрелі сөз өрбітті. Кітапқа алғы сөз жазған

Қазыбайұлының жалпыхалыққа арнап құрастырған бұл кітабын аудандық және ауылдық аймақтардағы кітапхана сөрелерінен тауып, оқи аламыз.

Алдиар оқырман, мақаламыздың түйінін Қожайхан Қазыбайұлының «Атадан қалған асыл сөз» кітабында жазылған мынадай сүбелі сөзбен



Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Тұрсынхан Есімқұлұлы бұл еңбектің терең мағынасына шолу жасап, кітаптың қоғам өміріндегі алар орнына тоқталды. Ал кітап авторы Қожайхан Қазыбайұлы сөзді қадірлеген, сөз киесіне мойынсұнған қазақ халқының қасиетін айтып: «Тіл менікі болғанымен, жазу менікі болғанымен, сөз халықтыкі ғой» деп халық сөзінің құдіреттілігін айрықша атап өтті.

«Атадан қалған асыл сөз» кітабы Тараз қаласындағы «Сенім» баспасынан жарық көрді. Жалпы таралымы 150 дана. Алдағы уақытта сіз бен біз Қожайхан

қорытындылағамыз келіп отыр:

*Бұл өмірде кісілік пен кішілікті керек ем,
Парасатты ізгі ойды, сапаны да терек ем,
Ел тізінін ұстайтын ұрпақ өссін білімді,
Өнегелі, өрелі, көргенді де керемет.*

*Үлкен-кіші қартымның бойында
иманы болсын,
Қасиеттерін салтымның ұрпақтары
жисаны болсын,
Намысы биік халқымның
ұл-қызы ибалы болсын.*

Ахмет ҚАНАТУЛЫ.

ӨНЕР САҢЛАҒЫ



Дара дауыс иесі

«Өнер әділдіктің ордасы» деп жатамыз. Дұрыс-ақ. Алайда, сахнада өз өнерімен талайды тамсандырып, қошеметке бөленген өнер иесіне қазылар алқасы тарапынан әділ баға қойылмаса, бұл сөздің қаншалықты құны бар. Осындай ит арқасы қияндағы Италия асып, атақты «Ла Скала» театрында әуелетіп өн салған қазақ халқының шотқығы биік өнер саңлағы Амангелді Сембин еске түседі. Шіркін-ай, жазиралы қазақтың даласында Сембин секілді күміс көмей хас таланттардың дүниеге келгенін айтсаңызшы. Бірақ біздің


өнерпаздың қолын алып тұрып: «Сен өн шырқағанда көзіме жас келді Қабыл» деп өз ризашылығымды білдірген едім.

Одан кейін кейіпкерімізбен байланыс орнатып, диалог жасап жүрдік. Оның шығармашылық жолында түрлі кедергілердің болғаны байқалады. Соған қарамастан өрелі өнерпаздың сол қиындықтардың барлығын еңсеріп шыққанына қайран қаласын.

-Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының түлегімін. Мамандығым – музыкалық театр өртісі. Өнерді әу баста таңдаған себе-



Киелі мекен – бақ мекен



Бойында шежіре тұнған, көпшілікке мәлім болған, аңызға айналған киелі жерлер ауданымызда өте көп. Қасиетінен құт қонған, өсетінен бақ қонған рухани мүкәмалға бай орындарға бару арқылы өрең еседі. Осы мақсатта аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ қызметкерлерінің мұрындық болуымен Т.Рысқұлов аудан әкімінің бес бастамасын іске асыру мақсатында «Туған жердің тарихы – тұнған шежіре» экскурсиясы жыл басынан бері ұйымдастырылып келеді. Жуырда осы орталықтың мамандарымен бірлесіп Көгершін ауылында орналасқан «Есепші ата» кесенесіне барып, баба рухына тағзым етіп, тарихи мән танысып қайтқан едік.

«Есепші ата» кесенесі Көгершін ауылының онтүстігіндегі тау етегінің бойынан орын тепкен. Кесене ақ кірпіштен тұрғызылған. Ел арасында «Бала Есепші», «Әулие Баба» аталып кеткен Әлібек Бұғыбайұлы (1816-1900)

асқан әулие кісі болған. Бала кезінде жан-жануарлардың, жәндіктердің жүріс-тұрысына қарап, ауа-райын болжап отырған. Осы бір қасиетіне жұрт танырқап, оған «Бала Есепші» деп ат қойған. Сонымен қатар бұл кісі құстардың тілін түсінетін қасиеті болған деседі көкірегі кен-қазына қарилар. Ел арасында Әлібек атамиз жайлы аңыз-әңгімелердің легі өте көп. Сол аңыздардың бірінде «Әулие бабаның» көріпкел екендігі туралы ауыл ақсақалдары: «Бірде халық таудан құмға көшер уақыты таяп, үй-жайын жинастыра бастайды. Сол кезде Есепші атаның тізесіне төбеден бір жапырақ түседі екен. Сол жапыраққа қарап тұрып «быыл құмға көшпендер, ол жақта ауа райы шаруаға қолайсыз болады» деп болжаған. Бұл болжауға біреуі салғырт қараса, ал біреулері әулие сөзін күп көреді. Тауда қалғандар шаруасы өрге басып, құмға көшкендер жұтқа ұшырап таяғын сүйретіп оралған» деседі. Міне,

осы секілді аңыз-әңгімелер көпшілік арасында кең таралған.

Қазіргі таңда «Есепші ата» кесенесіне бас-көз болып, көзінің қарашығындай сақтап жүрген – Жаксылық ауылының тұрғыны, шырақшы Шолпан Самратпаева апамыз. Біз келгеннен бастап шырақшы апамыз ескі сөз, есті сөз айтты. Баба рухына бағыштап Құран оқыды. Шолпан апамыздың сөзінше, бұл киелі жерге арысы сонау Мойынқұмнан келіп төу ететін жандар бар екен. Олардың дені перзент сүюді ансаған отбасылы адамдар. Аманат арқалаған апамыз: «Қарақтарым, менің жасым 65-ке келді. Құр сұлдерімді өзім өрең сүйретіп жүрген жанмын. Кесене маңын жинастыруға ұлым мен келінім қолғабыс етіп жүр. Ендігі бір арманым – шаң басқан, жанбыр не қар жауса батпағы бетіне шығатын осы бір ойды-ойдым жердің жолын жөндеу, дұрысы асфальттау. Әйтпесе, сонау шалғай жерлерден келетін жандарға өте қиын. Бұл жерге жетем дегенше, бірде өркентенген жолдардан машина суы қайнап кетсе, енді бірде жол көрсетуші тактайшалардың жоқтығынан адашып кететін жағдайлары бар. Бірақ, «өткен, қолдың келтесі-ай» - деп өз өкінішін білдірді.

«Әулие Бабаның» жүгірген аң, ұшқан құстың тілін түсінетінін жоғарыда атап өттім. Бүгінде Әлібек атамиздың жатқан жерін ауыл жұрты киелі санайды. Үлкен қариялардың айтуынша, инет етіп келгендерге күндіз құстар, түнде даланың саршұнағы жол көрсетеді деседі. Жол бастаушы құсты мен де көрдім. Біз келген кезде кесене маңын торуылдап жүрген. Ал қайтуға даярланып жатқанда құс қанатын жазып, аспан көгінде еркін қалықтап, күншығысты бетке алып ұшып бара жатты...

Ахмет ҚАМШЫБЕК.

олқыллығымыз сол, өнердің шынын бағындырған осындай болмыс-бітімі дара өнерпаздың өнерін бағалай білмейміз. Мұқан Төлебаев атындағы балалар музыка мектебінің мұғалімі Қабыл Базарбек те Амангелді Сембиннің тағдырын құшпаса екен дейміз. Қабыл сынды кәсіби білімі бар, оқыған азаматтар мәдениет саласында еңбек етсе ғой шіркін...

Көктем мезгілінің басы-ау деймін, аудандық мәдениет үйінде байқау өтті. Мен Қабыл Базарбекпен сол байқауда танысқан едім. Ол соңғы қатысушы болып сахнаға шықты. Сағи Жиенбаевтың сөзіне жазылған Д.Ботпаевтың «Ана» атты өнін шырқады. Өн өніні мынадай.

Дамылдап өзендер де,
Күн батып, күн шығады.
Мен үшін көзінді ілмей,
Анашым, жүрсін бе өлі, жүрсін бе өлі!

Қайырмасы:

Дүние құлпырады,
Болашақ дала нұрға.
Сонда да мен тұрамын,
Өзіңнің жанарында.

Сағымға тербетіліп,
Шықтың сен қанша қырға.
Шаршады жел де тынып,
Анашым шаршадың ба?
Шаршадың ба?

Қайырмасы:

Қабыл бұл әнді эстрадалық жанрда емес, классикалық мәнерде шырқады. Бұл байқаудан үздік шыққан өнерпазға облысқа жолдама берілуі керек тұғын. Қабылдың өн айту мәнеріне залда отырған көрермендердің дән риза болғанын көзіміз көрді. Алайда, байқау қорытындысында Қабыл жүлдесіз қалды. «Неге?» деген сұрақ барлығымыздың көкейімізде болды. Бірақ, әйтеуір ананы айтып, мынаны айтып, сылтауға басты қазылар алқасы. Қазір ештеңеге танырқамайтын болдық қой. «Қоғамым мынау қарғасын төрде сайратып, Тұлпардан озып, бәйгелі болған есегі» деген теңеуге осы байқауда анық көзім жетті. Байқау соңында

бім, шыншылдық, әділдік осы салада бар деп ұқтым. Бірақ өнер саласы мен ойлағандай емес екен. Әділетсіздіктің көкесі өнерде тұнып тұр. Оны бір кісідей көрген жанның бірі өзіміз. Талай байқауларда мықты өнер көрсетсек те, бағымызды байлаған кездер болды. Тамыр-танысы барлар сайран салып, шын талантты өнерпаздар көбіне-көп тасада қалып қояды. Бізге: «Өнер деп еңіреп жүрген ері кім, жоқ әлде, атақ пен мансапқа құмартып, өтірік емешегі үзіліп жүрген елсегі кім?». Осының аражігін саралап, айқындайтын кез келген сынайлы,-дейді Қабыл Базарбек.

Республикалық «КТК» арнасынан «Қиын шақ» деген телехикая көрсетілген болатын. Сонда Қабыл да басты рөлдің бірін ойнады. Жуырда ол «Абай TV» арнасында көрсетілген «Үркер» бағдарламасында бірнеше образды сомдады. Мүмкін көргендеріңіз де бар шығар. Жалпы, нағыз артист деген өзі актер, өзі әнші, өзі биші бола білуі керек қой. Сол қасиет Қабылдың бойында бар. «Жігітке жеті өнер де аз» деген ұғымды Қабыл Базарбектің өнері мен талантына қаратып айтсақ жарасады.

«Бибігүл Төлегенова өн салған сайын данқты актер әрі режиссер Шөкен Айманов егіле жылайтын» дегенді көзқорғандардың аузынан естігеніміз бар. Заманында батыр Бауыржан Момышұлы: «Кейбір өншілер қазақ өнінің өуенін бұзып, үнін өзгертіп, тілін тұтықтырып, сөзін сындырып айтады. Кейбір өншілер қайғыны биге, қасіретті арзан күлкіге, мұңды қуанышқа айналдырып жібереді. Ендеше, мен неге ондай өншілерді жақсы көруге тиіспін?» депті. Өкінішке орай, қазіргі таңда өнге ерекшелік енгізіп, мәнерін бұзып айтатын өнерпаздар көбейді. Ал Қабыл ол жағына өте ұқыпты. Қабыл Базарбек өуеннің де, сөздің де тұпнұсқасына жіті көңіл аударады. Өйткені, ол – кәсіби маман.

Марат ДИХАНБАЙ.

Ахмет Байтұрсынұов атындағы орта мектептің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гульбағи Ахамаеваға қайын атасы **ӘШІМБАЙДЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Мұхтар Әуезов атындағы тірек мектебінің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің зертханашысы Фалия Акимбаеваға бауыры **ГУЛЬБАЙРАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ — Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

Директор-
Бас редактор
Мұратбек
ӨМІРЗАҚОВ.

Жауапты хатшы
Сейсен ҚОЖЕКЕ
Тілшілер:
Жәнібек Базылбеков
Марат Диханбай
Нөмірдің кезекшісі:
Ж.БАЗЫЛБЕКОВ.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080900, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Құлтан ауылы, Жібек жолы көшесі, №34 үй.
Анықтама үшін:
Директор-Бас редактор – 2-12-09,
Бухгалтерия – 4-03-26,
Жауапты хатшы – 4-04-65,
Тілшілер – 4-04-82.
kulan_tany70@mail.ru

МЕНШІК ИЕСІ: «Тұрар Рысқұлов аудандық «Құлтан таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет сейсенбі және жұма күндері шығады.
Газет «Құлтан таңы» газеті редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, Жамбыл ауданы орталығының «Сенім» ЖШС баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі, №22 үй.
Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 26.12.2018 жылы қайта тіркеліп, тіркеу туралы №17421-Г куәлігі берілген.

Ⓐ - материалдың жариялану ақысы төленген.

Редакция автордың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді.
Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Компьютерде беттегендер:
П.КАБИРАЕВА
Л.ӘБДРАХИМОВ
ТАРАЛЫМЫ: 1993
КӨЛЕМІ: 1 басыа табак
ТАПСЫРЫС: №87.